

**Темір аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 12 ақпандағы № 179 "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2013 жылғы 13 қарашадағы № 130 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 желтоқсанда № 3691 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 84 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 17.02.2017 № 84 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы № 1316 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" қаулысына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Темір аудандық мәслихатының 2010 жылғы 12 ақпандағы № 179 "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 3-10-123 тіркелген, 2010 жылы 12 наурызда аудандық "Темір" газетінің № 12 жарияланған ) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қағиданың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы";

2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап, көрсетілген шешіммен бекітілген Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларында:

1 - тармақтың 1) тармақшасының 5 абзацы;  
2 - тармақтың 1 абзацтағы ", тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр қуатын бір фазалық есептеуіштің құнының" сөздері;

2 - тармақтың 2 абзацтағы "тәулік уақыты бойынша электр қуатының шығынын саралап есептейтін және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр қуатын бір фазалық есептегіштің құнына," сөздері;

3 - тармақтағы ", тәулік уақыты бойынша электр қуатының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр қуатын бір фазалық есептеуіштің құнына" сөздері;

9 - тармақтағы ", тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр қуатын бір фазалық есептеуіштің құнына шығындарына" сөздері;

13 - тармақ;

18 - тармақтағы "және тәулік уақыты бойынша электр қуатының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр қуатын бір фазалық есептегіштің құнының" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
А.ОСПАҒАМБЕТОВА*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Н.ӨТЕПОВ*